

Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысының №1 хаттамасы

Өтілген күні: 30.10.2023 жылы сағат 17.00-да

Өткізілу формасы: оффлайн

Қатысқандар:

Мектеп әкімшілігі

Сынып жетекшілер

1-11 сынып ата-аналары

Барлығы – 55 ата-ана

Күн тәртібінде:

1. тоқсандағы оқушылардың оқу үлгерімі және тәрбиелік іс-шаралардың қорытындысы туралы
2. Отбасындағы зорлық -зомбылықты алдын алу шаралары туралы Ермахан Б.Б., мектеп педагог-психологы
3. Үйірмелер мен спорттық секциялар туралы
4. Мектептегі қауіпсіздік және тәртіп ережелері
5. Ата-аналарды қолдау орталығы жайлы

Тыңдалды:

1. Бірінші сұрақ бойынша мектеп директоры Айтбаева Мейрамгуль Женисовна сөйледі.

Биылғы 2023-2024 оқу жылының 1 тоқсандағы оқушылардың оқу үлгерімі қорытындысымен таныстырып өтті. Қорытынды бойынша қанша оқу озаты, оқу екіпіндісі болғанын, оқушылар үлгерімінің пайыздық көрсеткіштерімен таныстырды. Тоқсан аяғындағы оқушыларды қорытынды бақылау жұмыстарының өту, орындалу барысын толықтай баяндап берді. Ата-аналардың және оқушылардың күнделікті күнделік қз. платформасына кіруін талап етті. Ата-аналар тарапынан сұрақтар болған жоқ.

2. Елімізде әрбір үшінші әйел отбасындағы зорлық-зомбылықтан зардап шексе, әрбір алтыншы бала сол отбасындағы ойранның куәгері болады деген сөз. Президенттің сөзінше, отбасындағы ойранды азайту үшін кінәлі адамға тағылатын айып іс жүзінде де орындалуы шарт. Бұл ретте патрульдік полицейлер шығарылған бұйрықтың толық орындалғанын қалағалауға алу керек. Бұл құқық бұзушылықтардың санын азайтып, бұзақылардың өз әрекеттеріне жауап беруіне көмектеседі.

3. Үшінші сұрақ бойынша мектепте өткізілетін сабақтан тыс үйірмелер мен спорттық секциялардың өту және орындалу барысымен бірлестік жетекшілері 1 тоқсанда өтілген жұмыстар туралы ата-аналар алдында фотоотчетпен есеп берді. Барлық секциялар тегін жүргізілетіні жайлы және оқушыларды әр түрлі спартакиадаларға қатыстыратыны жайлы мәлімдеді.

4. Төртінші сұрақ бойынша тәрбие ісінің орынбасары сөз алды. Оқушылар мектепке мектеп формасын киіп, таза күйінде сабақ басталар алдында 10 минут калғанда кешікпей келулері керек, себебі күнделікті жаттығулар жасалынады. Өр жұмасайын ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында, ұлттық киім кино күні жұма күні бекітілгені туралы айтты.


Мектепке кіргеннен кейін оқушылар сыртқы киімдерін және аяқ киімдерін шешіп екінші аяқ киімдерін киеді, шаптарын әдемілеп, киімдерін дұрыстап, сыныпқа кіріп оқу құралдарын дайындап мұғалімді күтіп отырады.


- Өрт қауіпсіздігі, Жол ережелерін оқып, біліп және ережелерді сақтауға міндетті.
- Оқушылар бір-бірімен достық, адалдық, қайырымдылық қарым- қатынаста болу керек.
- Оқушылар, үлкен адамдарды сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге оларға керек болғанда көмектесуге; мектептің, өзінің және басқаның мүлігін сақтап, ұқыптылықпен қарауға; мұғалімдердің және мектептің басқа жұмыскерлердің талантарын орындауға міндетті.
- Оқушылар бір-бірін атымен атап, үлкен адамдардың тегін атап "сіз" деп және бөтен адамдарға да "сіз" деп сөйлеседі.
- Оқушылар үлкен адамдарға жол беріп; кішкентай оқушыларды алдымен жіберулерін және де ұлдар қыздарға жол берулері керек.

5. Аталмыш жылда ата-аналарды қолдау орталығының ашылғанын ата-аналарға мәлімдеді. Бұл орталықта туындаған мәселелерді шешуге болатыны жайлы, және психолог, әкімшілік тарапынан қолдау болатыны жайлы ақпараттар берілді.

Шешімі:

1. Оқушылардың 1 тоқсандағы үлгерімі мен тәртібін қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін
2. Отбасындағы зорлық -зомбылықтың алдын алу жұмыстары жүргізілсін
3. Мектептегі үйірмелер мен спорттық секциялар жұмысы жоспарлы түрде іске асырылып, сабақтардың өту барысы қатан қадағалауға алынсын.
4. Мектептегі қауіпсіздік ережелер мен тәртіп ережелері сақталсын
5. Ата-аналардың тарапынан мәселелер туындасы аталмыш орталық арқылы шешілсін

Жиналыс төрайымы:  (Айтбаева М.Ж.)

Жиналыс хатшысы:  (Болегенова Г.Т.)

Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысының №2 хаттамасы

Өтілген күні: 12.01.2024 жылғы сағат 17.00-да

Қатысқандар:

Өткізілу формасы: оффлайн

Мектеп әкімшілігі

Сынып жетекшілер

5-11 сынып ата-аналары

Барлығы – 48 ата-ана

Күн тәртібінде:

2. тоқсандағы оқушылардың оқу үлгерімі және тәрбиелік іс-шаралардың қорытындысы туралы оқу ісінің меңгерушісі Алибекова Ш.Б.
2. Оқушылар арасындағы буллинг, лудомания және кибербуллингті алдын алу туралы тәрбие ісінің меңгерушісі Абдрахманова Т.Д. презентация көрсетті
3. Жалпы оқыту қорының және бастауыш сыныптарының тегін тамақтануы жөнінде тәрбие ісінің меңгерушісі Темирбекова Г.Ж.
4. Қысқы қауіпсіздік ережелері Абдрахманова Т.Д.
5. вирустық ауруларды алдын алу шаралары мектеп медбикесі Абдрахманова Г.М..

Тыңдалды:

1. Бірінші сұрақ бойынша оқу ісінің меңгерушісі Алибекова Ш.Б. сөйледі.

Биылғы 2023-2024 оқу жылының 2 тоқсандағы оқушылардың оқу үлгерімі қорытындысымен таныстырып өтті. Қорытынды бойынша қанша оқу озаты, оқу екпіндісі болғанын, оқушылар үлгерімінің пайыздық көрсеткіштерімен таныстырды. Тоқсан аяғындағы оқушыларды қорытынды бақылау жұмыстарының өтуі, орындалуы барысын толықтай баяндап берді. Аудандық олимпиадалар мен байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. облыстық олимпиадаларға жолдама алған оқушылар. Айтмағанбетова Назерке, Дүйсен Саяжан (Айқанат), республикалық Абай оқулары Асанова Дарига. Сонымен қатар Абай оқулары, Акберен байқауы, Мағжан оқулары байқауларына қатысты. Өндіріс Әмір Степногорск қаласындағы «Болашақ» мектебіне оқуға түсті. Ата-аналар тарапынан сұрақтар болған жоқ.

2. Екінші сұрақ бойынша тәрбие ісінің меңгерушісі Абдрахманова Т.Д. сөйледі.

-Буллинг дегеніміз не? Буллинг әр түрлі мағынаны білдіруі мүмкін. Ол: адамды мазақтау, қорлау, соқтығысу; оның ақпасын не басқа заттарын тартып алу, оларды бүлдіру; сол жайында өсек тарату; оны елемеу немесе жекелету; ренжітетін, жаман әзіл айтып, басқа адамдардың алдында ыңғайсыз жағдайға қою; ұрып-соғу, тепкілеу, итеру немесе басқаша зақым келтіру; қокан-лоқы көрсету немесе қорқыту. Буллинг онлайн немесе телефон арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Олардың қатарына ренішті хабарламалар мен суреттер, зұлым мінеп-сынаулар жіберу жатады. Бұлардың барлығы кибербуллинг деп аталады.

Буллинг қандай жағдайларға әкеліп тіреуі мүмкін? Біреудің күш көрсетпей, қорлап, қорқытқаны. Осындай жағдайға тап болған адам түрлі жағдайларды басынан кешіруі мүмкін, атап айтқанда: • уайымдану • ұйқының бұзылуы • табеттің болмауы • өзі жайлы жаман ойлау • өз-өзіне физикалық зақым келтіру • өлім туралы ойлау • сабақ үлгерімдерінің нашарлауы • ауыру • «маған ешкім көмектесе алмайды» деп ата-аналарға презентация көрсетіледі.

3.Үшінші сұрақ бойынша тәрбие ісінің орынбасары Темирбекова Г.Ж.

Жалпы оқыту қорынан 24 оқушы тегін тамақтанады, сонымен қатар 1-4сынып оқушылары да ыстық тамақпен қамтылуда. Тамақтану сапасын арнайы мониторинг тобы ай сайын бақылап отырады, ал медбике күнделікті дайындалуын тексеріп, бақылап отырады.

4.Төртінші сұрақ бойынша тәрбие ісінің орынбасары Абдрахманова Т.Д

Көктайпақ апаттарынан өз өзіңді қорғаудың ең бір дұрыс тәсілі көшелерде жол жүру ережесін сақтау болып табылады, соның ішінде: Газельдің артынан айналып өту; балаларды өз жаныңнан жібермеу; жолдан өтер кезде ең алдымен солға, содан соң оңға қарау; жолдан өтуге дайындалып тұрған уақытта жол шетінде тұрмау; көлік қатты жылдамдықпен жүріп, өміріңізге қауіп төндіруі мүмкін.-деп ата-аналарға кеңестер беріп өтті.

5.Бесінші сұрақ бойынша Мектеп медбихесі Абдрахманова Г.М.

Тыныс алу ағзаларының вирустар және бактериялармен қабынулық зақымдануы. Күнделікті өмірде ЖРВИ-ді салқын тию немесе грипп деп атайды. ЖРВИ жылдың суық мезгілінде әр түрлі вирустар: грипп, парагрипп, аденовирустар, респираторлық синцициальді вирустар, риновирустар, коронавирустар, парагрипп және т.б. әсерінен дамиды. Ол мынадай симптомдармен көрінеді: алсіздік, жарықтан қорқу сезімі, қалтырау, буын және бұлшық етте ауыру сезімі, бас ауыру, жотел, тамақта ауыру сезімі, мұрынның бітелуі, тамақтың жыбырлауы, дауыстың қырылдауы, дене қызуының көтерілуі, терлегіштік, кейде құсу, жүрек айну.

Шешімі:

1. Оқушылардың 2 топқадағы үлгерімі мен тәртібінің қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін
2. Будингтің және адамныңның алдын алу мақсатында, психолог және сынып жетекшілер тарапынан қадағаланып отырсын
3. Жалпы оқыту қорының және бастауыш сыныптары тегін тамақтанылсын, тамақтың сапасы қадағаланып отырсын
4. Қысқы қауіпсіздік ережелері сақталсын
5. ЖРВИ алдын алу шаралары әрі қарай жүргізілсін

Жиналыс төрайымы:  /Айтбаева М.Ж./

Жиналыс хатшысы:  /Бодегенова Г.Т./

Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысының №3 хаттамасы

Өткізген күні: 30.04.2024 жылы сағат 17.00-да

Қатысқандар:

Мектеп әкімшілігі

Сынып жетекшілер

1-11 сынып ата-аналары

Барлығы 54 ата-ана

Күн тәртібінде

1.3-4 тоқсандағы оқушылардың оқу үлгерімі және тәрбиелік іс-шаралардың қорытындысы туралы оқу ісінің меңгерушісі Алибекова Ш.Б.

2. Көктемгі және жазғы демалыста оқушылардың қауіпсіздік ережелері және мото транспорт бойынша Тезірбекова Г.Ж.

3. Мектеп формасы

Тыңдалды:

1. Бірінші сұрақ бойынша оқу ісінің меңгерушісі Алибекова Ш.Б. сөйледі.

Былалы 2023-2024 оқу жылының оқу үлгерімі қорытындысымен таныстырылды. Презентация арқылы оқушылардың білім деңгейін мониторинг арқылы көрсетті. Тоқсан аяғындағы оқушыларды қорытынды бақылау жұмыстарының өтуі, орындалуы барысын толығымен бақылап берді. Мамыр айының 13 күні 4 сынып пен 9 сыныптың МОДО тапсыратыны жайлы және дайындықтың барысын айтып өтті. 9 сынып бітіреті 3 оқушы Қызыл куәлікке үміткер екендігі, 24 мамыр күні Республикалық сынып сағаты өтетіні жайлы айтылды. Оқушылар «Мың бала» олимпиадасына қатысып, облыстық кезеңге 3 оқушы (Алиев Азамат-али, Айтмағамбетов Нұрбол, Ибраев Алишер) жолдама және пәндер олимпиадасына Айтмағамбетова Н қатысуға облыстық жолдамасына ие болды. Сонымен қатар «Қазақстан халқына» қоғамдық қорынан бөлінген үш жолдаманы жалпы оқыту тіміндегі оқушыларға берілді, ал екі оқушы «Жұлдыз» сауықтыру жазғы лагеріне баратыны, мектеп ішінде 1-4 сыныптарға арналған лагері жайлы айтылды.

2. Екінші сұрақ бойынша тәрбие ісінің орынбасары Тезірбекова Г.Ж.

Ең бірінші және басты ереже – мектепке дейінгі және бастауыш сыныптағы балалар ересектердің бақылауымен шоғылтуға тиіс. Балаларды бақылауды барынша күшейту, түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Үлкендердің ерін жүруінсіз жасөспірімдер арнайы бөлінген орындарда ғана шоғылтуы мүмкін. Ең көп қайғылы оқиғалар суға шоғылтуға арналмаған су айдындарында орын алады. Ата-аналар балаға судағы қауіпсіздіктің барлық ережелерін айтып қана қоймай, оған қиын жағдайда өзін-өзі ұстау дағдыларын үйретуі қажет. Жасөспірімді үрейленбеуге және өзін қалай ұстау керек, не істеу керек екенін түсінуге үйрету өте маңызды.

Суға шоғылту кезінде жол берілмейді:

1. Бейтаныс жерде, көпірлер мен бөгеттердің астында жүтуге.
2. Су түбінің тереңдігі мен бедерін білмей биіктіктен сүңгуге.
3. Арнайы қоршаулар мен буйкалардан жүзіп кетуге.
4. Қайықтарға салдарға және басқа да жүзу құралдарына жақындауға.
5. Қайықтан, кемелерден, айлақтардан суға секіруге.
6. Суда ойнау кезінде бір-бірінің қол-аяқтарынан жармасуға.

- Баланың бос уақыты мәселесін шешіңіз. Есіңізде болсын, түнгі уақытта (22-ден 7-ге дейін)

балалар мен жасөспірімдерге көшеде ересектердің қарауынсыз көрінуге тыйым салынады;

- баланың қайда және кіммен бірге екенін үнемі біліп отырыңыз, оның тұрған жерін бақылаңыз;

- балаларды не болғанына қарамастан, сіз не болғанын білуіңіз керек деп сендіріңіз. Балаларға кейбір фактілерді құпия сақтауға уәде берсе де, ешқашан жасыруға болмайтынын түсіндіріңіз;

Жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы ережелерін сақтау қажет. Көлік құралын басқаруды балаларға, әсіресе мопедтер мен жеңіл мотоциклдерге талсырмас бұрын, олардың санаттары мен рұқсат түрлерін түсіну керек.

ЖҚЕ және "жол қозғалысы туралы" Заңға сәйкес:

1. Мотоцикл-қозғалтқышының көлемі 125 текше сантиметрден асатын, басқаруға "а" құқық санаты бар 18 жасқа асқан адамдар жіберілетін, қауіптілігі жоғары көлік құралы.

2. "А1" құқықтарының кіші санаты – оған иелі жылдамдығы 50 км/сағ – тан асатын және кубатурасы 125 текше сантиметрге дейінгі (ен жоғары қуаты-11 кВт-қа дейін) трициклдер, Мотоциклдер, мопедтер және квадроциклдер жатады.

Он алты жасқа толған адамдар осы ішкі санатты ала алады. Жасөспірімдер мен 16 жасқа дейінгі балаларға мұндай көлікті басқаруға тыйым салынады.

Мопед ұғымына сондай – ақ аз тісті қозғалтқышы бар (50 текше сантиметрге дейін немесе сағатына 4 кВт-тан аспайтын) және барынша көлөнімді жылдамдығы сағатына 50 км-ге дейінгі механикалық көлік құралы жатады, бұл санатқа қолайлы санаттамалары бар құралдар-электросамоскаттар, моноколесалар, аспалы қозғалтқышы бар велосипедтер, мокиктер және т.б. жатады.

Жылдамдығы сағатына 50 км-ден аспайтын және қозғалтқыш көлемі 50 текше сантиметрден аспайтын көлік құралдарының жүргізушілері үшін көлікті тіркеу де, тіркеу де қажет емес.

Ескерту!!!

Егер жүру құқығы қажет емес көлік құралдарының жүргізушілеріне әлі 14 жас болмаса, оларға жол жүру бөлігіне шағуға тыйым салынады. Балалар қауіпсіз жолдарды қолдануы керек.

3. Үшінші сұрақ бойынша тәрбие ісінің орынбасары: Абрахманова Т.Д. презентация арқылы мектеп формасы бойынша ұстанатын қағидаларды сикстау жөнінде

Ұлдардың мектеп формасы: пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

Қыздардың мектеп формасы: пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

Шешімі:

1. «Соңғы қоңырау» мерекесі Сынып сағаты форматында өткізілсін, лагерге жолдама алған оқушылардың құжаттары жинақталсын. Жазғы лагердің ашылуы сұлттанатты түрде өткізілсін.
2. Жазғы және судағы қауіпсіздік ережелері сақталсын
3. Келесі 2024-2025 оқу жылына алынатын мектеп формасы барлық талаптарға сәйкес келсін

Жиналыс төрайымы:  / Айтбаева М.Ж./

Жиналыс хатшысы:  / Болегова Г.Т./